

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/ZQUS9819>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/IDXJ7854>

**\*Ш. А. Кыяхметова<sup>1</sup>, М. Т. Джакыпбекова<sup>2</sup>,  
А. К. Жазыбекова<sup>3</sup>**

<sup>1,2,3</sup>І. Жансүгіров атындағы

Жетісу университеті,

Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.

<sup>1</sup>ORCID: <http://orcid.org/0000-0001-9886-471X>

<sup>2</sup>ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6375-5257>

<sup>3</sup>ORCID: <https://orcid.org/0009-0009-6876-7981>

\*e-mail: [aset\\_shara@mail.ru](mailto:aset_shara@mail.ru)

## **ИЛІЯС ЖАНСҮГІРОВ ПОЭМАЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ (ЖАҢАША ПАЙЫМДАУ)**

*Мақалада І. Жансүгіров поэмаларының зерттелуі әлеуметтік-тарихи процестермен байланыстыра қарастырылып, қазақ әдеби сынының қалыптасу, даму ерекшеліктері ішкі заңдылықтары арқылы жаңаша пайымдалды.*

*Тарихи-әдеби құбылыстарды ұлтымыздың мүддесі тұрғысынан, әрі шынайы шындық арқылы зерттеу ғана ақиқатқа жол ашақ. Осы тұрғыдан алып қарағанда, әдебиеттану ғылымының алдында тұрған міндеттердің күрделілігі айқындала түседі. ХХ ғасыр басындағы әдебиетті зерттеу таза әдеби мәселелерді шешумен қатар, тарихи дәуірдің тұтас бейнесін ұсынуға мүмкіндік береді. Бұл кезең әдебиеті бүгінде, ең алдымен, өз заманының мәселелеріне тікелей бағытталған әдебиет ретінде қабылданады.*

*Ілияс поэмаларының жанрлық табиғатын, олардың тарихи және әдеби негіздерін бірлікте қарастыру қазіргі әдебиеттану ғылымының алдында тұрған аса өзекті ғылыми мәселе болып табылады. Ілияс Жансүгіровтің поэма жанрына келу жолы мен осы жанрдағы ақындық дара ізденістерінің өз дәрежесінде зерттелмегендігі, поэмаларының басым бөлігі сынышлар назарына ілінбей, қарастырылмай келгендігі немесе біржақты қарастырылғандығы ашылды. Ілиястың поэмалары халқымыздың рухани қазынасына айналған көркемдік құндылық екені тұлғасымыздың, қазіргі әдебиеттану ғылымында, ұлттық мәдениетте алатын орны айқындалды.*

*XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиеті тарихының тұтас көрінісін қайта құрудағы, көркемдік-эстетикалық даму бағыттарын тұтас пайымдаудағы Ілияс Жансүгіров шығармашылығының ролі айқындалды.*

*Кілтті сөздер: жаңаша пайымдау, Алаш дәуірі әдебиеті, ақын, поэма, зерттеу, әдеби сын, қазақ әдебиеттану ғылымы.*

### **Кіріспе**

Алаш дәуірін қамтитын қазақ әдебиеті сан қилы саяси-әлеуметтік, қоғамдық оқиғаларды бастан кешті. Ақын-жазушылардың әрқайсысы әртүрлі бағытты ұстанған, қарама-қайшылықты көзқарасты күрделі кезең болды. Ең бастысы, ол кезеңге саяси баға теріс беріліп келді. Тапқа жіктей отырып, бағалау, зерттеу міндеттелді. Соған қарамастан жекелеген жанрлар: повесть, роман, драматургия, әдеби сын, әдеби зерттеулер туып, кемелдену процесін бастан кешірді. Көркем әдебиет қоғамдық өмірдің айнасы болды.

Алаш дәуірінде қазақ әдебиеті тақырыптық, идеялық, жанрлық, көркемдік жағынан айырықша ілгеріледі. Әдебиеттің барлық жанрларында жаңашыл сипаттағы тың тынысты шығармалар өмірге келді. Көркем шығармашылықтың танымдық-эстетикалық әлеуеті күшейе түсті, әдебиеттің жаңа жанрларының, түрлерінің, әдістерінің пайда болуына ықпал етті. Аса талантты қаламгерлер шоғыры бой көрсетті. Солардың бірі – қазақ әдебиетін озық ойлы, терең мағыналы, көркемдігі тұтасқан туындыларымен байытқан Ілияс Жансүгіров. Қазіргі қазақ поэзиясы ой жағынан толысып, көркемдік жағынан кемеліне келіп, пайымды парасаттылық сипаттарға ие болып, ауыр жүктерді арқалап, биікке алып шығатын шымыр поэзия дәрежесіне көтерілді десек, бұл жетістікке Ілияс Жансүгіровтің қосқан үлесі, жұмсаған күші, төккен тері аз емес. «Ілияс Жансүгіровті биік тұғырға көтерген, сый-құрметке бөлеген дауылды дарыны мен туа біткен таланты» [1, 118-б.], – деген академик Т. Сыдықовтың сөзі шындыққа жанасымды.

Ілияс шығармаларының дені тоталитарлық жүйе қыспағында социалистік идеология талабына сай жазылғандықтан, олардың ұлттық мәні мен мазмұны, шынайы поэтикалық бояуы, философиялық астары өз дәрежесінде зерттелген жоқ десек, артық айтқандық емес. Юрий Боров заманауи эстетиканың негізгі мәселелерін жан-жақты талдай келе, әдебиет және өнер дамуының табиғаты, болмысы, тууы және теориялық тарихы проблемаларын тыңнан зерделеу қажеттігін ұсынады [2, 97-б.] Ілияс Жансүгіровтің поэмаларын зерттеп, көркемдік сапасын анықтау, талдау, таразылау бүгінгі күннің сұранысы екендігі дау туғызбайды.

### **Материалдар мен әдістер**

Зерттеу жұмысына Ілияс Жансүгіров поэмалары жайлы 1925–1937 жылдары жазылған әдеби сындар алынды. Алдымызға қойған мақсаттар мен міндеттерді терең талдап, тұтас бірлікте қарастыру үшін тарихи-салыстырмалы әдіс қолдандық. Ғылыми жұмыс бағдарын ұйымдастыруда мұның өзі аса өзекті мәселелерді қарастыру барысында жүйелі зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді.

Өткен ғасырдың басында жазылған сыншылардың пікірлері жаңаша пайымдалды, сыни талдау әдісі қолданды. Талданған материалдар негізінде зерттеу тақырыбына сәйкес қорытынды тұжырымдар жасалды.

Зерттеу нысанын ғылыми-теориялық жағынан негіздеу, жаңаша көзқарас тұрғыда талдап-таразылау мақсатында Алаш дәуіріндегі ақын-жазушылардың шығармашылығын зерттеген отандық А. Байтұрсынов [3], Р. Нұрғали [4], Ш. Елеуқенов [5] шетелдік Л. Репина [6], Ozgecan Kesici [7], Julie Rivkin, Michael Ryan [8] сынды ғалымдардың еңбектері негізге алынды.

### **Нәтижелер және талқылау**

Ілияс Жансүгіров – қазақ поэзиясында поэма жанрын қалыптастыруда үлкен еңбек еткен ақындардың бірі. Ақынның 2004 жылы жарияланған он томдық шығармалар жинағының үшінші томында [9, 408-б.] он үш поэмасы берілген. Баспаға әзірлеп үлгермеген, қолжазба күйінде қалған және жоғалып, бізге жетпеген немесе кезінде жарияланып, қазіргі таңда табылмай отырған поэмаларын қосатын болсақ, он тоғыз поэма болып отыр. Ілияс шығармашылығын зерттеушілердің біразы Ілиястың тұңғыш жинағы «Беташар», 1927 жылы басылып шықты деп жаңсақ пікір ұсынуда. «Беташар» өлеңдер жинағы емес. Ілияс Жансүгіров 1935 жылы 15 қарашада орыс тілінде жазылған автобиографиясында жарық көрген 34 кітабын тақырыптық жағынан жүйелеп, хронологиялық тұрғыда тізіп береді. Сол мәліметтің ең басында «Беташар» – поэма, қазақ әйелінің ғасырлар бойғы күндіктен құтылуы жайлы. Ол 1927 жылы Қызылорда қаласында «Әйел теңдігі» журналының қосымшасы ретінде жарияланған» деп нақты мәлімет береді. Ф. Ғабитова «Ақынның өмірбаяны» атты мақаласында: «Ілиястың бірінші туындысы 1927 жылы «Әйел теңдігі» журналының бесінші санына қосымша болып басылған «Беташар» дейтін 18 беттік кітапша болатын», – дейді. Ақынның алғашқы 2 томдық шығармалар жинағында «Беташар» өлеңдер топтамасымен бірге берілген.

Ілиястың «Кеңес» поэмасы алғаш «Жаңа жыр» (1937) жинағында жарияланған. 1958 жылы жазылған мақаласында Сағынғали Сейітов оны поэма ретінде қарастырады. Баламер Сахариеттің құрастыруымен 1974 жылы шыққан «Құлагер» жинағында «Кеңес» поэмалар топтамасында берілген,

одан кейінгі жинақтарда бұл поэма өлеңдер топтамасына ауысып кеткен. Көлемі-204 жол. Ауыл тұрмысы жайлы жазылған сюжетті шығарма неге «поэма» деген атауынан айырылып қалғандығы түсініксіз жайт.

«Мақпал», «Исатай», «Көбік шашқан», «Байкал», «Рүстем қырғыны», «Кұсбегінің айналасында», «Мұз қала» атты поэмалары қолжазба күйінде қалған. Оқырмандарымен қауыша алмай отырған Ілиястың төрт поэмасы («Қолбала», «Қуат», «Кұсбегінің айналасында» және «Мұз қала») төңірегінде іздестіру жұмыстары жүргізілді. Іздестіру жұмысы нәтижесінде «Қолбала», «Қуат» поэмаларының мәтіні табылып, латын қарпінен кирилл таңбасына аударылып, оқырмандарға ұсынылды. «Қуат» поэмасы «Әдебиет майданы» журналында (1932ж. 1–5 беттер), «Көркем әдебиет жинағы» (Орта мектептің 6-оқу жылы үшін. Құраст: І. Жансүгіров, Ғ. Мүсірепов. Қызылорда, 1933, 170–174 б.), кітабында, «Лениншіл жас» газетінде (1934, 7 ноябрь.) жарияланыпты. Сейілбектің атынан (фамилиясы жазылмаған) «Әдебиет майданы» журналында (1934, № 5, 96–105 б.) «Қуат туралы» деген сыни мақала да жарияланып үлгерген. Бірақ бұл поэма белгісіз себептермен осы уақытқа дейін ешбір жинағына енгізілмей қалған. Е. Ысмайылов «Әдебиеттегі формализм мен натурализмге қарсы» атты мақаласында («Социалды Қазақстан» газеті, 4 сәуір 1936 жыл) Ілиястың «Қуат» поэмасын «формализм сарынымен жазылған», – дейді.

Ғылыми-зерттеушілік ой-пікір төңкерістен кейінгі әдеби айтыс-тартысқа араласа жүріп, жаңа дәуір талабын кейде қабылдай, кейде қарсы шыға отырып, тың ізденістер жасай бастады. «XX ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ баспасөзінде өзінің жанрлық кескін-келбетін танытуға, даму жолын бастағанын дәлелдеуге ұмтылған әдебиет сыны әдеби-тарихи және әдеби-теориялық ой-пікірдің ғылыми сипатқа ие болуына өз көмегін аяған жоқ» [10, 218-б.]. Әдеби-сыншылдық және ғылыми-зерттеушілік ой-пікір араласа жүріп, дәуір алға тартқан әдеби үдерістің күрделі проблемаларына қызу араласты. Кез келген әдеби сын мақаладағы ой-пікір негізінен теориялық ұғымдарға табан тірей айтылатыны белгілі. Оған көркемдік даму үдерісіне байланысты болған айтыс-тартыс өз әсерін тигізгені анық. «Сөз еркіндігінен айырылған, саяси қуғын көрген ұлт зиялылары отаршылдыққа, әділетсіздікке қарсылықтарын әдебиет арқылы білдірді.» [4, 198-б.].

1923 жылдан бастап толассыз жазылған Ілияс шығармашылығы жайлы сындар 1937 жылға дейін үзілмеді. Ілиястың тосыннан тұтқындалып, репрессияға ұшырауы ол жайлы сөздің тоқтауына себеп болды. Ілиястың көзі тірісінде шығармашылығының зерттелуі мәселесіне М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, М. Қаратаев, З. Кедрина, І. Қабылов, С. Сейфуллин, Ө. Тұрманжанов, Ғ. Орманов, Ө. Тәжібаев [11] және т.б. ат салысып отырды. «Осы күнгі қазақ кеңес жазушыларының тілге

шебер, өлеңге ұстасының да, алдыңғы саптағысының да, көрнектісінің де бірі – Ілияс, - деген бағаны С. Сейфуллин берген. С. Мұқанов «Социалды Қазақстан» газетінің 1933 жылдың 5 маусымдағы нөміріне шыққан «Поэзия мәселесі» мақаласында Ілиястың «Даладан» кейін түр жағынан да, мазмұн жағынан да төмендегендігін жазады. Мұхаметжан Қаратаев «Дала» поэмасын кейбір көркемдік композициялық кемдіктеріне қарамастан, жалпы поэзиямызда қазақ халқының ақындық шежіресі есебінде ірі бастама жасаған поэзиялық тарихи-философиялық ұзақ салалы шығарма дей аламыз», – деп, бағалады. «Дала» поэмасына берілген бұл бағалардың қайсысы болмасын, шығарманың құндылығына шәк келтірмейді.

«Жаңа туған» поэмасы 1934 жылы жеке кітап болып шықты. Қайырқан Еркебайұлы «Қазақ әдебиеті» газетінің 1934 жылғы 10 тамыздағы нөміріне «Ілияс ағайға ашық хат» деген мақаласын бастырып, Ілиястың «Жаңа туған» поэмасын сынады. Мақала: «Мен «Жаңа туғанды» оқып шыққаннан кейін шығармаға көңілімнің толмай қалғанын айтып, Ілияс ағайға ашық хат жазып отырмын. Менде екі түрлі мақсат болды. Бірінші – Ілиястың шығармасын сынау, одан дайындық жасап, поэманың егжей-тегжейіне қанып, өзімше бір кішігірім сабақ алу. Екінші – Ілияс поэзиясындағы кемшіліктерді өзі де айтып, бізге игі боларлық жауап жазар деп сендім», – деп, басталады. Р. Жаманқұловта: «Біздің 15–20 жыл жазушылық стажы бар Сейполлаұлы, Майлыұлы, Жансүгірұлы, Әуезұлы, Мұқанұлы сияқты ірі жазушыларымыз болса да кеңестер одағының әдебиетіне қазына боларлықтай кесек шығарма бере алған жоқ», – деп, сыни көзқарасын білдіреді. Әзімбай Лекерұлы Ілиястың «Жорық» поэмасы жайлы: «Ақын суреттейтін оқиғасына атүсті қараған, өзінің айтатын оқиғасын жете зерттемеген, сөйтіп социалды реализмнің жабайы шарттарын қолданбаған», – деп, сыни көзқарасын баса білдіреді. М. Қаратаев газет сөзі мен радио үніне сүйеніп жазылған «Жорық» поэмасын документті-хроникалық шежіре деп таниды. Сыншы-әдебиетшілер Ілиястың «Жаңа туған», «Жорық» поэмасын натурализм әдісімен жазылған деп таниды. С. Сейфуллин мен Ө. Тұрманжанов «Көркем әдебиет» атты кітабында: «Осы күнгі қазақ кеңес жазушыларының тілге шебер, өлеңге ұстасының да, алдыңғы саптағысының, көрнектісінің де бірі – Ілияс», – дейді. 1933 жылы М. Баталов пен М. С. Сильченко Жансүгіровті қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі деп жоғары бағалайды. Ілиястың «Дала» поэмасына байланысты оң пікірін білдіреді.

Есмағамбет Ысмайылов Ілиястың ақындық өнерінің кемелденіп,

биік дәрежеге көтерілгендігіне кепіл боларлық шығармасы «Құлагер» поэмасы (1936) жайлы жазылған баяндамасында: ««Құлагер» поэмасы – қазақ поэзиясының жаңа бастамасы, бұл – классикалық шығарма» деп, шын сүйінішін білдіреді. Сол жиында сөйлеген Әбділда Тәжібаев: «Даламызда»

«Құлагер» дүбірлеп барады, даламызды тебіреніп барады. Бұл – дастан, бұл дастаннан дала күңіреніп сыр шертеді», - деп тебіренеді. М. Әуезов «Октябрь өркені» деген мақаласында: «Күйші» мен «Құлагер» - әрі поэма, әрі өлеңмен жазылған роман» [12,103-б.], - деп, жанрлық жүйелеуді алға тартады. Бұл жөнінде Ш. Елеуқенов зерттеу еңбегінде: «Бастапқы жазба әдебиеттің мақсаты – дінді күшейту болса, соңғы әдебиеттің мақсаты – тілді ұстарту, әдебиетті күшейту, көркейту болды», дейді [5,144-б.].

«Құлагер» поэмасы Жансүгіровтің қазақ әдебиетінің эпикалық жанрының бар сипаттарын жақсы меңгергендігін көрсетеді. «Құлагер» – өзінің идеялық-көркемдік ерекшелігімен қатар, жанрлық сипаттарындағы сәтті ізденушіліктерімен де қазақ поэзиясының отызыншы жылдардағы дамуын белгілейтін кезеңді шығарма.

1936–1937 жылдары К. Зелинский, А. Селиванский, К. Алтайский, П. Магер және т. б қаламгерлердің Ілияс жайлы мақалалары басылды. К. Зелинский мен П. Магер «Күйші» поэмасы туралы жаңа пікірлер айтқан. К. Зелинский «Күйші» поэмасын жоғары бағалайды және поэмдан астарлы, бүркеншік сыр іздеудің, оған символиканы жабыстырудың қажеті жоқ екендігін атап көрсетеді.

Қазақ әдебиеті тарихының жетістіктері мен табыстарының бәріне Ілияс ортақ, бәрінде оның үлесі бар. Күннен-күнге, жылдан-жылға үздіксіз өсіп, жетіліп келген әдебиеттің алдында тұрған маңызды мәселелер мен міндеттер Ілияс шығармашылығына да тән.

### **Қаржыландыру туралы ақпарат**

Мақала 2023–2025 жылдарға арналған АР19680053 «Гуманитарлық ғылымдар даму процесіндегі Ілияс Жансүгіров мұрасы: ХХІ ғасыр контекстінде» тақырыбындағы ҚРҒЖБ гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырылып жатқан жоба аясында жазылды.

### **Қорытынды**

Ілияс қазақ даласындағы, ірі оқиға, іргелі өзгерістерін үлкенді-кішілі поэмаларына арқау етті. Олардың көркемдік деңгейі біркелкі емес. Кейбірі қоғамда өтіп жатқан оқиғаны жалаң баяндауға түсіп кететін тым қарапайымдау дүниелер де, кейбірі уақыттық өзгерістерді кейіпкер табиғаты арқылы бақылайтын, бақылай отырып, оны көркем образ дәрежесіне көтеретін туындылар. Десек те, Ілияс – үлкен суреткер. Оның бір шығармасы әлсіз болса, екінші бір шығармасы шоқтықты көркем дүние. Демек, Ілияс Жансүгіров поэзиясының, оның ішінде поэмалар шоғырын зерттеп, асылы мен жасығын, жетістігі мен кемшілігін ажырата зерттеуіміз керек. Сыншының басынан кешетін эмоциялық жай-күйінің сынға еш қатысы болмау керектігін ескерте келіп, шыншыл сыншы өзінің міндетін жақсы орындайтындығын және ондай сыншының еңбегі жемісті болатындығын



айырықша атап өтеді. Сынның шығарманың туу тарихына, белгілі бір жағдай мен оқырман қабылдауына да байланысты екендігін сөз етеді.

Ілияс Жансүгіров поэмалары – халқымыздың ұлттық рухын, табиғатын терең танытқан дүние. Ол – қазақ халқының өмір, өнер жайындағы ой-толғамы мен болмысты көру, түйсіну, қабылдау сипатын, рухани сымбаты мен аса бай шығармашылық қуатын, ұлттық психологиясын терең, кемел жеткізген, арғы-бергі тарихи дәуірлерге әділ сын көзімен қарап, халықтың мұңы мен мүддесі тұрғысынан асқақ азаматтық серпінмен толғай алған шебер ақын. Ілияс Жансүгіров поэмалары – ұлттық мәдениетіміздің озық дәстүрін бойына сіңірген, философиялық ойлары, кемел тарихи болмысы кең қамтылған, халық өмірін дәл суреттеген әрі қазақ поэзиясын жаңа тарихи белеске көтерген, қайталанбайтын классикалық туындылар.

Ұлтының мәңгілігін ойлаған тұлғалардың күреспен өткен ғұмыр жолын, асыл мұраларын бағалау – ұлттың жадынан шықпайтын қастерлі борышы. Әдебиет әлемінде өз ұлтының рухын көтеретін құнды поэмалар қалдырған Ілияс Жансүгіровтің шығармашылығын зерттеу күн талабынан түспек емес.

### Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Сыдықов, Т.** Ілияс Жансүгіров ХХІ ғасыр көзімен [Мәтін]. – Алматы : «Баянжүрек» баспасы, 2019. – 440 б.

2 **Борев, Ю.** Эстетика [Текст]. – Алматы : «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 408 б.

3 **Байгүрсынов, А.** Әдебиет танытқыш [Мәтін]. – Алматы : Атамұра, 2003. – 208 б.

4 **Нұрғали, Р.** Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры [Мәтін]. – Астана : Күлтегін, 2002. – 528 б.

5 **Елеуқенов, Ш.** Мағжан (өмірі мен шығармашылығы) [Мәтін]. – Алматы : Санат, 1995. – 384 б.

6 **Репина, Л.** Тарихи білім тарихы: Академиялық бакалавриатқа арналған оқулық / Л. П. Репина, В. В. Зверева, М. Ю. Парамонова; жалпы редакциясын басқарған Л. П. Репина. – 4-басылым. [Текст]. – Алматы : «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 235 б.

7 **Ozgecan Kesici.** The Alash movement and the question of Kazakh ethnicity [Text]. // Nationalities Papers. 2017. –Vol. 45. No. 6. – P. 1135–1149.

8 **Julie Rivkin, Michael Ryan.** Literary Theory: An Anthology, 3rd Edition [Text]. ISBN: 978-1-118-70785-2 February 2017 Wiley-Blackwell 1648 Pages.

9 **Жансүгіров, І.** Көп томдық шығармалар жинағы. 3-том [Мәтін]. – Алматы : «Қазығұрт» баспасы, 2004. – 408 б.

10 20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. 1-кітап [Мәтін]. – Алматы : «Ғылым» баспасы, 1997. – 512 б.

11 Архивтік құжаттар жинағы. //Кыяхметова, Ш. [Мәтін] – Талдықорған: «Pixel» баспасы, 2024. – 207 б.

12 Әуезов, М. Әдебиет тарихы. [Мәтін] – Алматы : «Ана тілі» баспасы, 1991. – 240 б.

## References

1 **Sydyqov, T.** Ilyas Zhansügirov XXI ғасыр көзімен [Ilyas Zhansugurov through the eyes of the 21st century]. – Алматы : «Bayanzhyrek» баспасы, 2019. – 440 p.

2 **Borev, Yu.** Estetika [Aesthetics]. – Алматы : «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 408 p.

3 **Baitürsynov, A.** Ädebiettanytqysh [Theory of Literature]. – Алматы : Atamūra, 2003. – 208 p.

4 **Nürğali, R.** Qazaq ädebietiniñ altyn ғасыry [The Golden Age of Kazakh Literature]. – Astana : Kùlтеgin, 2002. – 528 p.

5 **Eleukenov, Sh.** Maғzhan (өmiri men shyğarmashylyғы) [Magzhan (life and work)]. – Алматы : Sanat, 1995. – 384 p.

6 **Repina, L.** Tarihi bilim tarihy: Akademiyalyq bakalavriatqa arналған oqulyq/ L.P . Repina, V.V. Zvereva, M.Yu. Paramonova; zhalpy redakciyasyn basqарған L.P. Repina [History of historical knowledge, textbook for academic bachelor's degree]. – 4-basylym. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 235 p.

7 **Ozgecan Kesici.** The Alash movement and the question of Kazakh ethnicity. // Nationalities Papers. 2017. –Vol. 45. No. 6. – P.1135-1149.

8 **Julie Rivkin, Michael Ryan.** Literary Theory: An Anthology, 3rd Edition. ISBN: 978-1-118-70785-2 February 2017 Wiley-Blackwell 1648 Pages.

9 **Zhansygirov, I.** Kóp tomdyq shyğarmalar zhinaғы [A multi-volume collection of works]. – Алматы : «Qazyğürt» баспасы, 2004. 3-tom. – 408 p.

10 20-30 zhyldardaғы qazaq ädebjeti [Kazakh literature of the 20s and 30s]. 1-kitap. – Алматы : «Ғылым» баспасы, 1997. – 512 p.

11 Arxivtik qūzhattar zhinaғы. [Collection of archival documents] // Kyyakhmetova Sh. – Taldyqorған : «Pixel» баспасы, 2024. – 207 p.

12 **Äuezov, M.** Ädebiet tarixy [History of literature] – Алматы : Ana tili, 1991. – 240 p.

02.03.24 ж. баспаға түсті.

29.10.24 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

\*Ш. А. Кыяхметова<sup>1</sup>, М. Т. Джакыпбекова<sup>2</sup>, А. К. Жазыбекова<sup>3</sup>

<sup>1,2,3</sup>І. Жетысуский университет

имени И. Жансугурова,

Республика Казахстан, г. Талдыкорган.

Поступило в редакцию 02.03.24.

Поступило с исправлениями 29.10.24.

Принято в печать 25.11.24.

## **ОБ ИССЛЕДОВАНИИ ПОЭМ ИЛЬЯСА ЖАНСУГУРОВА (ОСМЫСЛЕНИЕ ПО-НОВОМУ)**

*В статье исследование поэм И. Жансугурова рассматривается в связи с социально-историческими процессами, а особенности формирования и развития казахской литературной критики переосмыслены через внутренние закономерности.*

*Изучение историко-литературных явлений в интересах нашей нации и через подлинную правду открывает путь к истине. С этой позиции становится очевидной сложность задач, стоящих перед наукой литературоведения. Изучение литературы начала XX века позволяет не только решать литературные вопросы, но и представить целостный образ исторической эпохи. Сегодня литература этого периода воспринимается, прежде всего, как литература ориентированная на проблемы своего времени.*

*Рассмотрение жанровой природы поэм Ильяса и их исторические и литературные основы в единстве является весьма актуальной научной проблемой современного литературоведения. Выяснилось, что в должной мере не изучены приход Ильяса Жансугурова к жанру поэма и его уникальные поэтические поиски в этом жанре, также большая часть его поэм оставалась вне внимания критиков, либо рассматривалась односторонне. Сделан вывод, что стихи Ильяса представляют собой художественную ценность, ставшую духовным достоянием нашего народа, и определено их место в современной науке о литературе и национальной культуре.*

*Была раскрыта роль творчества Ильяса Жансугурова в воссоздании целостной картины истории казахской литературы начала XX века, а также в определении направлений художественно-эстетического развития.*

*Ключевые слова: осмысление по-новому, литература эпохи Алаш, поэт, поэма, исследование, литературная критика, казахское литературоведение.*

\**Sh. Kiyakhmetova*<sup>1</sup>, *M. Jakyzbekova*<sup>2</sup>, *A. Zhazybekova*<sup>3</sup>

<sup>1,2,3</sup>Zhetysu University

named after I. Zhansugurov,

Republic of Kazakhstan, Taldykorgan.

Received 02.03.24.

Received in revised form 29.10.24.

Accepted for publication 25.11.24.

## THE STUDY OF ILYAS ZHANSUGUROV'S POEMS (NEW INTERPRETATION)

*The article considers that the study of I. Zhansugurov's poems in connection with socio-historical processes, and the features of the formation and development of Kazakh literary criticism are reinterpreted through its internal patterns.*

*Examining historical and literary phenomena in the interests of our nation and though genuine truth opens the path to real understanding. From this position, the complexity of the tasks facing the science of literary criticism becomes obvious. Studying the literature of the early 20th century allows not only to solve literary issues, but to present a holistic view of the historical era. Today, the literature of this period is primarily perceived as being oriented towards the challenges of its time.*

*The consideration of the genre-specific nature of Ilyas's poems, along with their historical and literary basics in unity is a very topical scientific problem of modern literary criticism. It has been revealed that Ilyas Zhansugurov's coming to the poem genre and his unique poetic pursuits within this genre have not been studied thoroughly and most of his poems remained either outside of critics' attention or were considered one-sidedly. It is concluded that Ilyas's poems represent artistic value, which has become the spiritual heritage of our people, and their place in the modern science of literature and national culture is determined.*

*The role of Ilyas Zhansugurov's work in reconstructing a complete picture of early 20th century's history of Kazakh Literature as well as in defining directions for artistic and authentic development has been demonstrated.*

*Keywords: poet, poem, literature of the Alash era, new interpretation, research, literary criticism, Kazakh literary criticism.*

Теруге 25.11.2024 ж. жіберілді. Басуға 25.12.2024 ж. қол қойылды.  
Электронды баспа  
4,57 МБ RAM  
Шартты баспа табағы 30,79. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.  
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова  
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас  
Тапсырыс № 4311

Сдано в набор 25.11.2024 г. Подписано в печать 25.12.2024 г.  
Электронное издание  
4,57 МБ RAM  
Усл. печ. л. 30,79. Тираж 300 экз. Цена договорная.  
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова  
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас  
Заказ № 4311

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы  
Торайғыров университеті  
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.  
67-36-69  
e-mail: kereku@tou.edu.kz  
www.vestnik.tou.edu.kz